

## **Кейбір мемлекеттік акционерлік және холдингтік компанияларды қайта ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 20 маусым N 758

1996-1998 жылдарға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің Іс-қимыл бағдарламасына сәйкес және экономиканың бәсекелес саласындағы монополиясыздандыру және жекешелендіру процестерін аяқтау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1-қосымшада санамаланған мемлекеттік акционерлік және холдингтік компаниялардың, бұрын оларға Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің қаулыларымен берілген акционерлік қоғамдардың акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік мүлікті иелену, пайдалану және басқару құқығы тоқтатылсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті:

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен және Әділет министрлігімен бірлесіп бір айлық мерзімде 1-қосымшада санамаланған мемлекеттік акционерлік және холдингтік компаниялардың құқықтары мен міндеттемелері бойынша құқықтық мұрагерлерін айқындасын;

1-қосымшада көрсетілген мемлекеттік акционерлік және холдингтік компанияларды қайта ұйымдастыру мәселелерінде мемлекет мүддесін білдірсін;

1-қосымшада көрсетілген мемлекеттік акционерлік және холдингтік компаниялардың құрылымына кіретін акционерлік қоғамдардың, олардың құқықтық мұрагерлерге жүктелген міндеттемелері қайта ресімделгеннен кейін, акцияларының мемлекеттік пакеттерін заңдарда белгілеген

тәртіппен сату үшін Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне берсін.

3. 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 20 маусымдағы  
N 758 қаулысына  
1-қосымша

Өз құрылымына кірген акционерлік қоғамдар акцияларының  
мемлекеттік пакеттері мен кәсіпорындардың мемлекеттік  
мүлкін иелену, пайдалану және басқару құқықтары  
тоқтатылған мемлекеттік акционерлік және холдингтік  
компаниялардың  
ТІЗБЕСІ

1. "Қамқор-холдинг" мемлекеттік холдинг компаниясы
2. "Жиһаз" мемлекеттік холдинг компаниясы
3. "Қызмет" мемлекеттік акционерлік компаниясы
4. "Дархан" мемлекеттік акционерлік компаниясы
5. "Әртүрліимпорт" мемлекеттік акционерлік компаниясы
6. "Иассауи" мемлекеттік акционерлік компаниясы
7. "Казинтермед-оптика" мемлекеттік акционерлік компаниясы

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 20 маусымдағы  
N 758 қаулысына  
2-қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған  
кейбір шешімдерінің  
ТІЗБЕСІ

1. "Қамқор-холдинг" мемлекеттік холдинг компаниясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 13 наурыздағы N 233 қаулысы / Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 11, 189-бап/;
2. "Жиһаз және орман өнеркәсібінде мемлекет қатысатын "Жиһаз" холдинг компаниясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993

жылғы 26 тамыздағы N 737 P930737\_ қаулысы /Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 33, 385-бап/;

3. "Мемлекет қатысатын "Жиһаз" холдинг компаниясының президенті және бақылаушы кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 4 қыркүйегіндегі N 827 қаулысы;

4. "Қызмет" мемлекеттік акционерлік компаниясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 7 қыркүйектегі қаулысы N 830 P930830\_ /Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 34, 402-бап/;

5. "Қызмет" мемлекеттік акционерлік компаниясының президенті мен бақылаушы кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 14 қыркүйектегі N 897 қаулысы;

6. "Дархан" мемлекеттік акционерлік компаниясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 25 қарашадағы N 1181 P931181\_ қаулысы /Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 46, 551-бап/;

7. "Дархан" мемлекеттік акционерлік компаниясының президенті мен бақылаушы кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 6 қаңтардағы N 33 қаулысы;

8. "Әртүрліимпорт" мемлекеттік акционерлік компаниясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 25 наурыздағы N 282 қаулысы / Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 15, 143-бап/;

9. "Әртүрліимпорт" мемлекеттік акционерлік компаниясының президенті мен бақылаушы кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 5 мамырдағы N 481 қаулысы;

10. "Иассауи" мемлекеттік акционерлік туризм компаниясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 12 мамырдағы N 503 P940503\_ қаулысы /Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 22, 222-бап/;

11. "Иассауи" мемлекеттік акционерлік компаниясының президенті мен бақылаушы кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 13 мамырдағы N 511 қаулысы;

12. "Казинтермедоптика" мемлекеттік акционерлік компаниясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 17 маусымдағы N 652 P940652\_ қаулысы /Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 26, 276-бап/;

13. "Казинтермедоптика" мемлекеттік акционерлік компаниясының президенті мен бақылаушы кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 11 тамыздағы N 897 қаулысы;

14. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 17 наурыздағы N 282 қаулысына өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 21 тамыздағы N 1149 қаулысы /Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 28, 343-бап/.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК